

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

7. Кудрявцева И.А. "Реабилитация в уголовном процессе: теория и практика." — М.: Юстицинформ, 2010.
8. Семенов А.П. "Возмещение вреда в уголовном процессе." — СПб.: Издательство "Юридический мир", 2015.
9. Петров В.Н. "Понятие реабилитации в уголовном процессе и его сущность." — Журнал "Уголовное право", №3, 2018.
10. Иванова К.С. "Основания для реабилитации в уголовном процессе: анализ действующего законодательства." — К.: Юридическая литература, 2019.
11. Антонова М.И. "Роль реабилитации в уголовном процессе при возмещении вреда потерпевшему." — Журнал "Юридическая практика", №2, 2020.

УДК 347.948

АРНАЙЫ ҒЫЛЫМИ БІЛІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ ТЕРГЕУШІ МЕН САРАПШЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Ками Салтанат Шыңғысқызы

s.sarymsakova12@gmail.com

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Сот сараптамасы» мамандығы бойынша

2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., профессор Сембекова Б.Р.

Арнайы ғылыми білімді тиімді қолдану криминалистиканың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады және қылмысты жан-жақты тергеп-тексеруде маңызды рөл атқарады. Арнайы ғылыми білімді пайдалану алдын-ала тергеудің жеделдігін арттыруға ықпал етеді, қылмыстық іс жүргізу процесін едәуір жеңілдетеді, бұл жалпы қылмыстық істі тергеу сапасына оң әсер етеді. Арнайы ғылыми білімдерді тиімді қолдану туралы айтатын кезде тергеуші мен сарапшы арасындағы тығыз байланысын атамауға мүмкін емес.

Арнайы ғылыми білім ұғымының мазмұны Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі мен «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында нақты келесідей көрсетілген: «Арнайы ғылыми білім - мазмұнын сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерінде іске асырылған ғылыми білім құрайтын арнайы білім саласы».

Осыған орай арнайы ғылыми білімдерді қолданудың бірден бір нысаны – сот сараптамасы екендігін атап өткен жөн. Тәжірибе көрсеткендей, қылмысқа қарсы күрестің тиімділігі көбінесе сот сараптамасының дәстүрлі құралдары мен әдістерін ғана емес, сонымен қатар ғылыми және басқа білімді де қолдануына байланысты.

Бүгінгі күні кез келген қылмыстық істің тергеп-тексеруін жүзеге асыру кезінде міндетті түрде сараптаманы тағайындау мен жүргізу тергеу әрекеті орын алады. Сот сараптамасы барлық уақытта да дербес ғылым мен тәжірибе ретінде негізделген ғылыми білімдердің бөлімі екенін және криминалистикалық техниканың мазмұнды ажырамас бөлшегі болып табылатынын дәлелдеді. Белгілі бір қылмыстық істер бойынша сот сараптама көмегінсіз анықтала алмайтын мән-жайларды ашу үшін тергеуші мен сарапшының арасында сапалы, тиімділігі жоғары байланыс болу керек.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің әртүрлі кезеңдеріндегі дәлелдеу процесінің ерекшеліктеріне байланысты арнайы ғылыми білімді пайдалану мәселелері көбінесе қылмыстарды ашу мен тергеудің негізгі субъектісі - тергеушіге қатысты.

Тергеуші кез келген құқық бұзушылықты тез ашу және әрбір қылмыстық істі жан-жақты, объективті тергеп-тексеру жөніндегі жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігі қылмыстық процесті жүргізетін, сондай-ақ оларға жәрдемдесетін адамдардың кәсіби білімі мен іскерлігіне байланысты болады.

Сараптаманы тағайындау және жүргізу кезінде тергеуші мен сарапшының өзара іс-қимылының ерекшелігі мынада: тығыз байланысты болжай отырып, ол негізінен делдалдық сипатқа ие және тергеуші де, сарапшы да қызметтің мақсаты бойынша келісілген өзінің функционалдық міндеттерін орындау арқылы жүзеге асырылады.

Тергеуші қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде іс үшін маңызды болып табылатын мән-жайларды сот сараптама тағайындау арқылы анықтауға жататындығы туралы шешім қабылдап, бұл туралы қаулы шығарады. Сот сараптама тағайындау тәртібі және оның барысы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 35-тарауымен реттеледі және «Сот сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында нақтыланып жазылады.

Сот сараптамасының түріне және оны өндіруге қажетті материалдарға сәйкес оларға қойылатын сапаның белгілі бір ерекшеліктері бар. Олардың негізгі белгілері зерттеу объектілерінің қасиеттеріне байланысты. Сот сараптамасын тағайындауға дайындықтың осы кезеңінде тергеуші заттарды, іздерді табу және бекіту, сондай-ақ зерттеуге қажетті үлгілерді алу бойынша белгілі бір күш-жігер жұмсауға тиіс.

Тергеушіні белгілі бір іздер мен заттай дәлелдемелерді зерттеу перспективасына сарапшының бағыттауы қылмыстық іс үшін маңызды, яғни оның назарын қолда бар материалдар негізінде шешілуі мүмкін нақты мәселелерге аударуы керек. Идентификация сипатындағы сараптамаларды жүргізу кезінде салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер қажет екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты сарапшының олардың түрін және алу технологиясын анықтаудағы көмегі зор. Кейбір жағдайларда, үлгілерді алу эксперименттік қызметпен және ағымдағы бағалау талдауымен байланысты болған кезде, сарапшының оларды алуға практикалық қатысу қажеттілігі күмән тудырмайды.

Сарапшы зерттелетін материалдар көлемінің не бастапқы деректердің жетіспеу фактісін анықтаған жағдайда, оған жетіспейтін мәліметтерді не зерттеуге арналған объектілерді беру туралы өтінішхат жіберуге уәкілетті. Осыған байланысты сараптаманы дайындауда және тағайындауда тергеушінің құзыреттілік деңгейі сараптаманың нәтижелілігінде үлкен рөл атқарады.

Тергеушінің сараптама тағайындаудағы қызметі тағы бір ерекшелігімен сипатталады ол – сарапшыға сұрақтар қою. Дәл осы мәселелерді тұжырымдау сараптамалық зерттеу арқылы істің маңызды жағдайларына қатысты нақты деректерді оларды дәлел ретінде пайдалану үшін анықтауға бағытталған.

Бұл кезеңде сараптамалық мекеменің сарапшысымен немесе басшысымен кеңесу сияқты әрекетке назар аудармау мүмкін емес. Бұл әрекет міндетті емес, бірақ ол өте ұтымды сипатта болады, өйткені бұл, мысалы, сараптаманың жаңа түрлері немесе стандартты емес зерттеу объектілері бар сараптамалар туралы идея болған жағдайда қажет.

Аталған мәселе қазіргі таңда тәжірибеде кейбір шиеліністерді тудырады. Оған басты себептердің бірі – сот сараптама түрлерінің жүргізу әдістемелерінің жаңаруына және бір орында тұрмай дамып жатқанына байланысты кейбір кезде тергеушілердің уақыт тапшылығынан толық ақпаратпен иеленбеуі. Осы орайда сот сараптама барысына әсер ететін тергеушінің қойылатын сұрақтардың түсініксіз әрі дұрыс емес болуына әкеп соқтырады.

Жоғарыда тергеушінің сот сараптама тағайындаудың нақты тәртібі айқындалатын болса, сараптама түрінің ерекшеліктері мен болып жатқан жаңалықтар туралы сарапшылармен кеңесуге кейбір жағдайларда ойдағыдай өтпейді.

Қорытындылай келе, тергеу органдары мен сот сараптама мекемелері арасындағы өзара байланысты одан сайын нығайту – қылмыстық істерді ашу тиімділігіне оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Сондай-ақ сарапшылар тек тергеуші қойған сұрақтар шеңберінде зерттеу жүргізетінін ескеретін болсақ, тергеушілердің сот сараптама әрбір түрінің тағайындалу қажеттілігі туралы білімді сарапшылардың жетекшілігімен дөңгелек үстел немесе конференция форматындағы кездесулер арқылы арттыру керек. Бұл дегеніміз тергеуші мен сарапшы арасындағы сот сараптама барысына теріс әсер ететін кедергілерді жеңуге әрі осы процестегі әрекеттерді жүзеге асыруының оңайлығына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б.
2. Ишмаева Т.П., Процессуальная сущность судебной экспертизы// Правопорядок: история, теория, практика. 2017. № 3 (14). С. 46-50.
3. Куркин П.Г., Гладких И.Н. Основные этапы назначения и производства судебных экспертиз// Закон и право. 2022. № 8. С. 176-178.
4. Шакиров К. Судебная экспертология: проблемы и решения (от теории – к практике). – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 218 с.
5. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі.

УДК 347.948

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНИКО-КРИМИНАЛИСТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ И ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ РАССЛЕДОВАНИИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С СЕКСУАЛЬНОЙ ЭКСПЛУАТАЦИЕЙ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ В СЕТИ ИНТЕРНЕТ

Кокчебаева Фарида Асановна

fakokchebaeva@gmail.com

студент 3 курса Института государства и права Тюменского

государственного университета, Тюмень, Россия

Научный руководитель – Дрокин Ю.Н.

В связи с развитием информационных технологий наша жизнь значительно преобразилась как в положительную, так и в отрицательную сторону. Для лиц, совершающих преступления связанных с непосредственным воздействием на несовершеннолетних, «Интернет» стал платформой, в рамках которой, заполучить доверие неокрепших умов намного проще, чем в реальной жизни.

Одним из распространённых способов воздействия на несовершеннолетних в сети Интернет признаётся груминг. «Груминг» — это процесс установления взаимопонимания и доверия через развитие эмоциональных отношений с жертвой (Mars,2016 p.244). Сам процесс груминга, а именно: стиль, продолжительность, интенсивность общения, зачастую зависит от личных качеств преступника. Он может манипулировать жертвой при помощи различных методов: угрозы, шантаж, насилие, лесть, подарки, изоляция, имитация общих